

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№22

(944)

Бейсенбі, 2 маусым 2016 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

4 маусым - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күні

«Мемлекеттік рәміздер – бұл біздің мемлекетіміздің, біздің егемендігіміздің берік негізінің бірі. Олар Тәуелсіздіктің қасиетті біріктіруші образын білдіреді».

Нұрсұлтан Назарбаев.



Егеменді елдің әрбір азаматы құрметтеуге және мақтаныш етуге тиісті ресми рәміздері бар.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – Ту, Елтаңба және Әнұранының сипаттамалары және ресми пайдаланылу тәртібі конституциялық «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік рәміздер туралы» заңмен белгіленген. Бұл заң 2007 жылдың 4 маусымында қабылданған болатын. Алайда, Қазақстан Республикасы рәміздерінің тарихы 1996 жылғы 24 қаңтарда қабылданып, қазіргі таңда күші жойылған Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы» Конституциялық заңынан басталуда. Терминнің дұрыс пайдаланылуына байланысты 2007 жылғы 21 мамырда Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенде «нышандар» деген сөз «рәміздерге» ауыстырылды. «Рәміз» деген сөз грек тілінде «символ» деп аталынады. Рәміз – философия мен психология өнерінің ең басты дәрежелерінің бірі. Дүниежүзіндегі мемлекеттің ресми рәмізділігі үш бірлікті білдіреді – Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Әнұран. Олар елдің саяси тәуелсіздігінің, егемендігінің белгісі болып табылады.

Көптеген елдерде мемлекеттік рәміздерді жалпыұлттық және біріктіруші күш ретінде ұғынады. Рәміздер діни, партиялық, рулық бөліністерінен биік болып, барлығын біріктіреді. Жас мемлекеттік рәміздерін жасау тарихына бүкіл Қазақстанның халқы ат салысты. Оған сол кезде жарияланған байқау куә. Мемлекеттік рәміздерде эстетикалық талаптармен бірге, тарихи, экономикалық, саяси мәні анық көрінетін шешімді табу қажет болатын.

Мемлекеттік туымыздың авторы республиканың өнер қайраткері – Шөкен Ниязбеков. Ол Қазақстандағы дизайнерлік өнердің негізін салушылардың бірі. Жалауды айқындайтын элементтердің бірі – оның түсі. Көк түстің таңдалуы кездейсоқ емес, ол адалдықтың, мінсіздіктің және сенімділіктің белгісі. Бірлікпен бірге көк түс барлық елдердің тыныштығы мен ырысын білдіретін бұлтсыз аспанды еске салады. Аспандай ашық көк түс қазақтардың ұлттық түсі болып табылады. Өйткені көшпенді қазақтар үшін табиғат мекендеу ортасы ғана емес, сонымен қатар, өмірлеріндегі ажырамас бөлігі болатын. «Көк» сөзі ежелгі түріктердің тіліне аударғанда «Шығыс» мағынасын беріп, осылай тудың түсі географиялық ақпараттың тасушысы ретінде де қолданылады.

Геральдистердің сөзіне сүйенетін болсақ, Қазақстан жер шарының шығысында орналасып, шығыс мәдениетінің өкілі болатынын білдіреді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Туымыздағы күн бейнесі – шекарамыздың бұзылмайтындығын бейнелейді. Шексіз далада ұшқан қыран ою-өрнек – еліміздің ұлттық жиынтық белгісі. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес.

Бүгінгі Елтаңба – Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Әулихан секілді сәулетшілердің шығармашылық ізденіске толы үлкен еңбегінің жемісі. Мемлекеттік Елтаңбамыз – дөңгелек нысанды. Дөңгелек, шығыс қазақтарының аса құрметінде, өйткені бұл нысан өмір шексіздігінің белгісі. Ортасында шаңырақ (киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) бейнеленген. Шаңырақ – отбасы амандығы, бейбітшілігі және ашық аспанды білдіреді. Шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаншылған. Олар өмір мен жылудың белгісі. Оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылып, жауға қарсы күресте арыстанның үрейсіздігін, бұқаның күші мен қуаттылығын, маралдың жылдамдығын, түліктің қулығын білдіреді. Тұлпардың алтын қанаттары – астықтың, еңбектің және материалдық ырыстың белгісі. Елтаңбаның ортасында бес бұрышты көлемді жұлдыз, біздің жүрегіміз бен құшағымыз барлық бес континент өкілдеріне ашық деген сөз.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранының негізі – ол халық арасында кең тараған «Менің елім» атты патриоттық өлең. Әнұран – халық жүрегінің соғуы, армандардың қорытпасы болып табылады. Әнұранның авторлары Шәмші Қалдаяқов (әні), Жүмекен Нәжімеденов және ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Әнұран ресми рәміз ретінде, Қазақстан болашағы мен өзінің болашағына сенетін қазақстандықтардың ортақ қазынасына айналып кетті.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы мен Мемлекеттік Елтаңбасының эталондары Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында сақталады. Туып-ескен жердің мемлекеттік рәміздерінің мағынасын түсіну – әрбір Қазақстан азаматының борышы. Әр жас ұрпақ, лауазымды тұлға мемлекеттік рәміздерін заңнамаға сәйкес қадірлеп, қастерлеп, құрмет тұтуы қажет.

Құрметті айыртаулықтар!

3 маусым күні сағат 14.30-да Ақан сері атындағы аудандық Мәдениет үйінде «Еңбегімен ер даңқты» атты ақындар айтысы өтеді. Келем деушілерге есік ашық.

4 маусым күні сағат 11.00-де Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздері композициясының жанында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздері күніне арналған салтанатты іс-шара өтеді.

Бағдарламада: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Әнұранын бірдей орындау, велошеру, жастар флеш-мобы, концерттік бағдарлама.

Саумалкөл ауылының тұрғындары мен қонақтарын іс-шараны тамашалауға шақырамыз.

Ұйымдастыру комитеті.

Ресми бөлім

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

27 мамыр күні Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ерік Сұлтанов жұмыс сапарымен ауданымызда болып, бірқатар нысандар мен жол құрылысы және көптемігі дала жұмыстарының барысымен танысты.



Ең алдымен өңір басшысы Ерік Хамзаұлы «Журавка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің егістік алқабына ат басын тіреді. Шаруашылық басшысы Сергей Пономарев облыс әкімімен әңгімелесу барысында қолайлы ауа райының және тәулік бойы тынымсыз еңбек етудің нәтижесінде дән сіңіру жұмысының екі күн ішінде тамамдалуы тиіс екендігін сөз етті. Өз кезегінде Ерік Сұлтанов өсімдік шаруашылығы бойынша мемлекеттік субсидияны қайтару жөніндегі жұмыс жайында айтып берді. Ол сондай-ақ, агроқұрылым басшыларына жұмысшылардың жалақысын көтеру және шаруа қожалықтарына сатылатын шөп пен сабанның құнын арзандату мәселесін қарастыруды ұсынды.

Саумалкөлге бет алған облыс басшысы жолда Ақан сері ауылындағы бос тұрған әлеуметтік нысандардың (мектеп, мәдениет үйі, кітапхана) жағдайымен танысып, болашақта ауылдағы бос үйлерге оңтүстік өңірден бірнеше отбасын көшіріп

әкелу мәселесіне де тоқталды.

Облыс әкімі аудан орталығы – Саумалкөлде ауыл ішіндегі жолдарды жөндеу жұмыстарының барысымен де танысты. Бұл мақсатқа биылғы жылы бюджеттен 38 млн. теңге қаражат бөлінген. Сонымен қатар, мұнда аумағы 1 мың шаршы метрден астам жабық хоккей қорабшасының құрылысының жұмысымен де танысты. Аудан орталығындағы «Мәңгілік Ел» саябағындағы орнатылған тренажерлерді де аралап көрді. Сондай-ақ, ауданымызда жүзу бассейні мен стадион құрылысының жобасымен аудан әкімінің орынбасары Мафруза Науанова таныстырды.

Аудандық Мәдениет үйінде болған облыс әкімі Ерік Сұлтановқа ауданның мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Гүлнар Өтеулина биылғы жылы аталмыш мәдени ошақтың шатырын жөндеуге бюджеттен 30 млн. теңге қаржы бөлінгенін және жақын арада жөндеу жұмыстары басталатынын жайлы. Мәдениет үйіндегі мұражай жәдігерлерімен, ауданның көркемөнерпаздар ұжымының жұмысымен таныстырды.

Облыс басшысы Саумалкөлдегі модульдік жылыту қазандығында да болып, оның келесі қысқы жылыту маусымына дайындық жұмыстарының барысымен де танысты.

Бұдан соң Ерік Сұлтанов «Кирилловка - Айыртау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің егістік алқабында ауыл шаруашылығы

құрылымдары басшыларының және инвесторлардың қатысуымен жерге байланысты негізгі мәселелерді талқылады. Облыс әкімі Кирилловка ауылында сүт қабылдау пунктін ашқан жеке кәсіпкер Олжабай Мұстафинмен де кездесті. Жергілікті кәсіпкер ауыл тұрғындарынан сүттің бір литрі 55 теңгеден сатып алып, өнімді «Маслодел» зауытына жөнелтеді. Бұл кәсіпорын жеке кәсіпкерге бір сүт салқындатқышын алып берсе, екіншісін Олжабай Мұстафин өз қаражатына сатып алған.

Облыс әкімі былтырғы жылы мемлекеттік бағдарлама арқылы Кирилловка ауылына Қызылорда облысынан көшіп келген Ембергеновтар мен Бекжановтардың шаңырағында да болып, әр отбасына тұрмыстық техникаларды сыйға тартты. Олар қазіргі кезде ауылға тұрақтылық, жұмыс орындарымен қамтылып, шағын шаруашылықтарымен айналысуда.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суретті түсірген автор.

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні

БАЛАЛАРҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАЙЫҚ

Саумалкөл ауылының орталығында орналасқан Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Рәміздері композициясының жанында 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай салтанатты мерекелік іс-шара болып өтті.



Салтанатты шара аудан орталығындағы мектептер мен балабақшалардың 5-12 жастағы бүлдіршіндері мен жасөспірімдерінің түрлі-түсті шеруімен бастау алды.

Салтанатты мерекеле аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров: «Бүгін айрықша күн – Халықаралық балаларды қорғау күні. Бұл әр баланы қорғап, оның құқықтарын құрметтеп, берекелі және аман өсіп-жетілуіне барлық жағдайларды жасау керектігін білдіретін жарқын және мейірімге толы мереке. Біздер үшін басты байлық – сендердің күміс күлкілерің мен шаттыққа толы көңіл-күйлерің. Жазғы демалыстарыңды қызықты өткізіп, күш-қайрат жинап, денсаулықтарыңды нығайтуларыңызға тілектеспін. Көбірек оқып, ой-өрістеріңді кеңейтіп, оқуда жоғары жетістіктерге жетіңдер. Болашақта Тәуелсіз мемлекетіміздің қадірлі азаматтары болып, Отанымыздың игілігі үшін еңбек ететіндеріңе сенімдімін» - дей келе, барша балғындарды мерекелерімен құттықтады. Сонымен қатар, аудан басшысы шығармашылық және

оқу процесіне саналы қарым-қатынасы үшін «Родничок» ясли-бақшасының тәрбиеленушілері Арман Еркемырзаға, Надим Гизатуллинге, «Колосок» ясли-бақшасының тәрбиеленушілері Дамир Бибатырға, Енина Данилинаға, «Балауса» шағын орталығының тәрбиеленушілері Фархад Салимжұаровқа, Меруерт Төлегеноваға, Саумалкөл қазақ орта мектебінің оқушылары Айсұлтан Бейтөнге, Арсен Ешмұхамбетовке, №1 Саумалкөл орта мектебінің оқушылары Валерия Ищенкоға, Виолетта Суховаға, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған Айыртау мектеп-интернатының оқушылары Денис Полиенкоға, Роман Исаякинге, №2 Саумалкөл мектеп-гимназиясының оқушылары Карина Коротинаға, Мерей Баймағамбетке алғыс айтып, Қазақстан Республикасы – Отанымыздың игілігі үшін жаңа жетістіктерге жете берулеріне тілектестігін білдірді.

Және де аталмыш мерекелік шарада «Шеберлер қалашығы» жұмыс жасап, онда аудан орталығындағы мектеп оқушылары мен балабақша тәрбиеленушілерінің жыл бойы жасаған қолөнер бұйымдарының үздік шығармашылық жұмыстары қойылған.

Жалғасы есем ән мен ырғақты биге ұласқан мерекелік шараның барысында өнерлі, қабілетті балаларға арналған «Авиасалон», «Вернисаж», «Көпіршіктер павильоны», «Шар үрлеушілердің жаттығу залы», «Спорттық лагерь», «Жас шахматшылар, дойбышылар, қазақтың ұлттық ойындарын сүйіп ойнаушылар клубы», «Менің сүйікті ойыншығым» секілді түрлі сайыстар мен ойындар да ұйымдастырылды.

31 мамыр күні Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ұйымдастыруымен 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Балаларға мейірімділік сыйлайық!» атты мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мерекелік ертеңгілік болып өтті.

Әлемді тек қана жарқын түсте көретін бұл балалардың мерекесіне аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров, ардагерлер кеңесінің төрағасы Армия Әбілқайыров, аудандық мәслихаттың хатшысы Берік Жанахметов қатысып балаларды елеулі мейрамдарымен құттықтады. Мерекеге орай аудан басшысы Ағзам Ахметжановтың өз қолынан сыйлық толы қалта алған балғындардың жүзі осы бір қуанышқа толы күнде бал-бұл жанып тұрды.

Мерекелік ертеңгіліктің сәнін кіргізіп, балаларды мерекемен құттықтаған өнерпаздардың орындауында ән айтылып, би биленіп, қазақтың қара домбырасының күмбірлеген қоңыр үнімен күй де тартылды.

Шараның соңында сөз сөйлеу құрметіне ие болған ата-аналар балапандарымыздың денсаулығын таразы салған бұл да бір тағдырдың сынағы болып, ең бастысы балаларымыз ауырмасын, ата-аналарға тәзім берсін деген жасқа толы жанармен жүрекжарды лебіздерін арнады.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА,
Суретті түсірген автор.

Мен және менің отбасым

«Мерейлі отбасы» байқауы

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы отбасылық-демографиялық құндылықтарды, отбасы институтын, имандылықты рухани нығайтуға, жауапкершілікті, ерлі-зайыптылықтың маңыздылығын тануға жәрдемдесу негізделіп, әсіресе көп балалы қазақ отбасының әуелден ұйымшыл, бауырмал, бірауызды, үлкенге сый, кішіге ілтипат көрсеткіш қасиеттерін кейінгі ұрпаққа жалғастыруды, сол өнегелі құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің жағымды үлгісін таратуға, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған.

Үшінші рет байқаудың аудандық қорытындысы шығарылып, маусымның 1-і күні аудандық Мәдениет үйінде байқауға қатысқан Жақыповтар, Сәдуақасовтар, Кривобок, Алғожиндер, Мусиенко және Нашарбаевтар отбасылары салтанатты түрде марапатталды.

Салтанатты шарада ең алдымен байқауға қатысқан отбасыларының өмір-деректерімен бейне-



адамның өмірін ерекше мағыналы ететін, жүректерімізде қамқорлық пен шапағатты оятатын мәңгілік құндылықтар.

Жанұяның береке-бірлігі әр сәбидің, әр баланың бақытты болашағы. «Ел боламын десең, бесіңді түзе» деген дана сөзді қоса айтқым келеді. Егер де біз болашақта мықты қалыптасқан ел экономикасы дамыған бейбітшіліктің ортасы көп ұлтты мем-



лекет ретінде әлемдік деңгейде көріңгіміз келсе, онда бүгіннен бастап тәрбиелі ұлт қалыптастыру мақсатында өнегелі жанұя құрып, елін сүйетін нағыз патриот ұл-қыздарымызды өсіруді азаматтық борышымыз деп қабылдап, аяңбай еңбек етуіміз керек. Отанға деген ыстық сезім туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.

Елімізде бақытты жанұя көбейсе, болашағы да зор болады. Өйткені, Отан – отбасынан басталады» - дей келе, баршасының отбасына мықты денсаулық, қажымас қайрат, «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар озады» дегендей, сайыста тек үздіктер ғана жеңіс тұғырына көтерілеріне сенімділігін білдіре отыра, Отанымыз үшін атқарылып жатқан адал қызметтеріне табыс тіледі.

Сонан соң «Білімді жанұя» аталымы бойынша Жақыповтар әулеті, «Берекелі жанұя» аталымы бойынша Сәдуақасовтар отбасы, «Өнерпаз жанұя» аталымы бойынша Кривобок әулеті, «Белсенді жанұя» аталымында Алғожиндер жанұясы аудан басшысының грамоталарымен және сыйлықтарымен марапатталса, «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының аудандық турының жеңімпаздары Мусиенко және Нашарбаевтар отбасы да арнайы аудан әкімінің грамоталарымен және естелік сыйлықтарымен марапатталды.

Жиын соңынан байқауға қатысушы барлық отбасы мүшелері аудан басшысымен естелік суретке түсті.

Бағлан ҚЕНЖЕБАЙҰЛЫ.
Суретте: Мусиенко отбасы.

Сәт сапар, жас түлек!

СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ СЫҢҒЫРЫ


Он бір жыл мектеп партасында отырған сан мыңдаған түлектердің арман биігіне ұмтылып, алтын ұяларымен қоштасар кезі келді. Осы бір көңіл толқытар сәтті әрбір түлектің асыға күтетіні де сөзсіз.

25 мамыр күні Қаратал орта мектебінде де «Сәт сапар, жас түлек!» атты соңғы қоңырау салтанаты ерекше бір көңілмен өтіп, салтанатты жиыныа аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров: «Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев ұзақмерзімді «Қазақстан – 2050» Стратегиясында ана мен баланы қорғауды «Жаңа кезеңдегі әлеуметтік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі» деп белгіледі. Отбасы - сүйіспеншілік және адалдық,

Биылғы жылы аталмыш білім ордасын 90 оқушы аяқтаса,

алуға одан әрі талпыныс, өзге адамдармен қарым-қатынас орната білу, таңдаған мамандығының мән-маңызын жете бағалау сияқты сапалы таңдау жасауға тура келеді.

Егеменді еліміздің болашағы бүгінгі түлектер, Сіздердің қолдарыңызда. Тәуелсіздікке қадам басқан күннен бастап, мемлекетіміздің басты құндылығы – білімді адам деген қағиданы назардан шығармай, сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету, білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың көреген саясатының басты приоритеті болып келеді. Сондықтан қай кезде де терең білім алу жолында жалықпай, талмай ізденіп, ел тізінін ұстайтын адал



оның 28-і – оқу озаттары, ал 28-і – оқу екпінділері. Ал 11 түлек – бір-бір үйдің үкілі үміті үлкен өмірге аттағалы отыр.

Оқу жылын озат аяқтаған оқушыларды мектеп басшысы Еркін Әлібеков арнайы мақтау қағаздарымен марапаттаса, «Жер-Ана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілі Әсем Метаева үздіктерге серіктестік тарапынан ақшалай сыйлықтарын табыстады.

Салтанатты соңғы қоңырау кешіне қатысқан аудан басшысы Ағзам Ахметжанұлы мектептің ұстаздары мен оқушыларын және ата-аналарын айтулы мерекемен құттықтады. Сондай-ақ өз сөзінде: «Бүгінгі күн мектеп тарихында, мектеп бітіруші түлектер есінде мәңгі қалары анық. Түлектер өздерінің он бір жыл білім алған алтын ұяларымен қоштасса, ұстаздар өздерінің сүйікті шәкірттерін өмірге қанаттандырады. Ал ата-аналар кешегі бірінші сыныпқа барған баласының ержеткеніне қуанады.

Алда әлі ұзақ өмір жолы жатыр. Бұл жол үстінде кешегі бүлдіршіндердің адами қасиеттерді асқақ тұту, лайықты білім

азамат болуларыңызға ізгі тілегімді арнаймын. Қазіргі жастардың барлығына «Болашақ» бағдарламасымен шетелде білім алуына ортақ мүмкіндіктері бар. Бүгінгі күнде осы бағдарлама арқасында біздің ауданымыздың 5 түлегі шетелдерде білім алды. Біз оларды еліміздің шынайы интеллектуалдық элитасы деп атай аламыз» - дей келе, мектеп бітіруші түлектер мен мемлекеттік емтихан тапсырушыларға сәттілік тілеп, мектепке музыкалық аппаратура сыйлады.

Соңғы қоңыраудың сыйлы қонағы, ардагер-ұстаз, «Құрмет» орденінің иегері Айтмағамбет Дауылбаев ұстаздар мен оқушыларды құттықтай отырып, жүрекжарды лебізін білдірді.

Салтанатты шара барысында 1 сыныпты аяқтап отырған бүлдіршіндер өздерінің өлең шумақтарын мектеп түлектері мен сүйікті мектебіне арнаса, мектеп бітіруші түлектер жүректен шыққан қимастық жырларын паш етті.

Түлектер үшін соңғы рет қоңырау сыңғырын соғу дәстүрі 1 сыныптың оқу озаты Сандыбай Дильназ бен мектеп тұлғі Ғалымов Ержанға берілді.

Салтанатты жиындан соң аудан басшысы биылғы жылы атақты жерлесіміз Шахмет Құсайыновтың 110 жыл тоуына орай мектептеп қайта жаңғыртылған өлкетану мұражайында болып, ондағы құнды жәдігерлермен танысты.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суреттерді түсірген автор.

Біздің мақтанышымыз

БЕЙБІТ КҮННІҢ БАТЫРЫ БОЛАРМЫСЫҢ!

Үстіміздегі жылы сәуір айында Канада елінің Монреаль қаласында киокушинкай каратеден төрт жылда бір рет өткізілетін халықаралық турнир болып өтті.



Әлемнің 22 елінен 700-ге жуық спортшылар қатысқан бұл турнирге Қазақстанның Астана, Көкшетау, Қарағанды, Павлодар, Ақтау қалаларынан 5 спортшы қатысып, жүлделі 1, 2, 3 орындармен оралды.

Мұхиттың арғы жағында өткен турнирде 1 орын алып, чемпион болып оралған жерлесіміз, мақтанышымыз, екі дүркін Қазақстан чемпионы, Ресей чемпионы, Европа чемпионы, Евразия чемпионы, спорт шеберлігіне үміткер, Саумалкөл қазақ орта мектебінің 10 сынып оқушысы Әділбек Молдағалиев 62 келі салмақта қарсыластарына дес бермей, тұғырдың ең биігінен көрінген болатын. Каратэшімен тілдесіп, каратэшілік ғұмырының басталуы мен аталмыш турнир туралы, қарсыластары туралы сұрағанымызда Әділбек: «Каратэмен 2010 жылдан, яғни 10 жасымнан бастап айналысып келемін. Спортқа келуіме себепкер болған жаттықтырушым Саят Өтегенов болатын. Спорттың бұл түріне келуіме теледидардан көрген каратэші жігіттердің сарт-сұрт соққылары мен көз ілесес шапшаңдығы, жарасымды киімдері мен спортшыларға көрсетілетін құрметі себепші болды. Бала жастан осы спорттың қыр-сырын меңгеруге қызықтым.

Ал турнир туралы айтатын болсам, онда әлемнің түпкір-түпкірінен сайдың тасындай марғасқа спортшылар қатысты. Бірінші жекпе-жегімді канадалық спортшымен, екінші кездесуді жеребенің түсуіне орай жерлесіміз, астаналық каратэшімен ал шешуші, үшінші кезеңді Бразилия елінің спортшысымен өткіздім. Мен қарсыластарыма үлкен құрмет танытсамын бірақ жеңісті ердайым өз жағымда ұстап тұруды жадымнан шығармаймын. Қарсыласын құрметтей білген спортшы, оның осал тұсын аңғарып, өз соққысында қапы қалмауды басты назарда ұстайды. Мен де осындай әдісті жиі қолданамын» - дейді. Сондай-ақ, ол осы турнирге баруға мүмкіндік берген демеушілеріне де үлкен алғысын білдірді.

Қазіргі таңда Әділбекке спорт шебері дәрежесін беру мәселесі қаралу үстінде. Сонымен қатар, алдағы шілде айында Астана қаласында өтетін әлем чемпионатында да Әділбек еліміздің көк туын асқақ желбіретеді деген үкілі спортшыларымыздың бірі. Әділбек бауырымызға бұл жарыстың да алтыны бұйырсын деп тілейміз!

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.

Ұлт денсаулығы. Спорттық Қазақстан

Спорт – салауатты өмірдің кепілі

Сенбі, 28 мамыр күні аудан орталығы Саумалкөл ауылының «Мәңгілік Ел» саябағында Қазақстан Республикасы Президенті Жолдауын жүзеге асыру мақсатында салауатты өмір салтын және көпшілік спорттың дамыту жөнінде Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған Олимпиадалық күн болып өтті.

Дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Рүстем Дәулетовтің құттықтау сөзінен кейін, жарыстың бас төрешісі, БЖСМ жаттықтырушысы С.А. Грачевтің белгілеуімен жарыс алаңына ең жас қатысушылар, 18-25 жас аралығындағы қыздар шықты. Жанкүйерлердің қолдауы мен қошеметінің арқасында 2100 метрлік қашықтықты бірінші болып Динара Абжанова (Айыртау орталық аудандық ауруханасы), екінші болып Айтжан Әбілқайырова (№2 Саумалкөл мектеп-гимназиясы) және үшінші Динара Ағбаева («СҚО Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ).

Қыздардан соң жарыс алаңына осы жастағы жігіттер шығып, алтын мен қола жүлделер Данил Наговицын мен Кирилл Шульганың күшімен Саумалкөл ауылындағы агротехникалық колледждің өңшісіне бұйырды. Күміс жүлде №2 Саумалкөл мектеп-гимназиясының құрамында өнер көрсеткен Вадим Чеботаревқа тиесілі болды. 26-36 жас аралығында 1400 метрлік қашықтықта бірінші келген Айнагүл Рыстына (№2 Саумалкөл мектеп-гимназиясы) және Марат Ахметов (АІБ). Екінші болып мергеке келген Александр Терещенко (№2 Саумалкөл мектеп-гимназиясы) және Лариса Морозова (АОАА), үшінші болып келген Александр Сидоров (№1 Саумалкөл орта мектебі) және Айгерім Оспанова (АОАА).

Үшінші топта 700 метр қашықтыққа жүгіруде 37 жастан асқан әйелдер мен ерлер қатысты. Әйелдер арасында үздік шыққан Туғанис Сәдуақасова (Саумалкөл қазақ орта мектебі), екінші болып мәре сызығын кескен Гүлмира Қамарланова (№2 Саумалкөл мектеп-гимназиясы), үшінші Динара Бекпасова (Саумалкөл қазақ орта мектебі). Ерлер арасында Жомарт Сарманов (№1 Саумалкөл орта мектебі), Ақылбек Алтаев (АІБ) және Нұрболат Қадыров (№2 Саумалкөл мектеп-гимназиясы).

Жарыстың ең жас қатысушысы 5 жасар Захар Терещенко мен жарыстың жасы үлкен қатысушысы Н.П. Горбунов жай ғана жарыс алаңына шығып қана қоймай, жақсы нәтиже көрсетті. Мақтау мен құрметке ие болған АОАА өкілі А.А. Сатыбалдина өзінің егде тартқан жасына қарамастан кішкентай нәмересіне берген уәдесін орындау үшін жарыс алаңына шығып, өзінен әлдеқайда жас бәсекелестерін жолда қалдырып, мәре сызығын бірінші болып кесті.

Сонымен қатар, мергендік шеберлігі мен теңдікті жақсы ұстай білетіндер үшін бұл күні дартстан да жарыс ұйымдастырылды. Турнирдің қорытынды кестесінде мергендігімен көзге түскендер Марал Рамазанова (Айыртау ауданының экономика және қаржы бөлімінің басшысы), Наталья Дударева (Айыртау ауданының экономика және қаржы бөлімі), Сәуле Мәжікеева (Айыртау ауданының кәсіпкерлік бөлімі), Андрей Пасько (№1 Саумалкөл орта мектебі) және Өмірбек Мырзахметов (Саумалкөл қазақ орта мектебі) ұпай көрсеткіштері бойынша бірінші орынды өзара бөлісті. Аталған жеңімпаздардан жинаған ұпайы 4 ұпайға кем түскен аудан әкімінің орынбасары Аманбек Махметов болды.

Олимпиадалық күннің жеңімпаздары мен жүлдегерлері және ең жас, ең егде қатысушылары грамоталармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Өз тілшімізден

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 24 мамырдағы № 181 қаулысы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Антоновка және Лобаново ауылдық округтердің әкімдеріне кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар анықтау және таңдаушылармен кездесу үшін үй-жай ұсыну туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 27-бабының 3-тармағына, 28-бабының 4,6 –тармақтарына сәйкес, «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін қызметке сайлау, өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату Қағидаларының 29-тармағына сәйкес

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі

ҚАҰЛЫ ЕТЕДІ:
1. 1 қосымшаға сәйкес Айыртау аудандық сайлау комиссиясымен бірлесіп (келісім бойынша) Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Антоновка және Лобаново ауылдық округтердің әкімдеріне кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар анықталсын.

2. 2 қосымшаға сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Антоновка және Лобаново ауылдық округтердің әкімдеріне барлық кандидаттарға таңдаушылармен кездесу үшін үй-жай шарттық негізде ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің аппарат басшысы Әли

Әнасулы Ғаббасовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ағзам ТАСТЕМИРОВ,
аудан әкімі.

«КЕЛІСІЛДІ»
Е.МЕРҒАСЫМОВ,
Айыртау аудандық сайлау комиссиясының төрағасы
2016 жыл 25 мамыр

Солтүстік Қазақстан облысы нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізгіліміне 2016 жылғы 31 мамырда № 3772 болып тіркелген.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 24 мамырдағы № 181 қаулысына 1 қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Антоновка және Лобаново ауылдық округтердің әкімдеріне кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыратын орындар

№ п/с	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар
1.	Антоновка ауылдық округі	Антоновка ауылы «Журавка» ЖШС-нің кеңсесі ғимаратының жанындағы стөнде (келісім бойынша)
2.	Лобаново ауылдық округі	Лобаново ауылы «Оксана» дүкені ғимаратының жанындағы стөнде (келісім бойынша)

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы «24» мамырдағы № 181 қаулысына 2 қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Антоновка және Лобаново ауылдық округтердің әкімдеріне кандидаттардың таңдаушыларымен кездесу үшін үй-жайлардың тізімі

№ п/с	Елді мекеннің атауы	Таңдаушылармен кездесу үшін үй-жай
1.	Антоновка ауылы	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Антоновка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мәжіліс залы, Школьная көшесі, №1 үй
2.	Лобаново ауылы	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Лобаново орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мәжіліс залы, Ленин көшесі, №37 үй

Айыртау аудандық сайлау комиссиясы хабарлайды

Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қаланың, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізу қағидаларының 20-тармағына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, Айыртау аудандық сайлау комиссиясы ауылдық округтер әкімдіктеріне кандидаттар ретінде тіркеді:

2016 жылғы 30 мамырда

Т.А.Ж.	Туған күні	Жұмыс орны, лауазымы	Мекенжайы
Азбергенов Ренат Серікбайұлы	27.06.1980	«Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ, жұмыспен қамту секторының бас маманның м.а.	Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл с
Қасымғалиев Ермек Қалтайұлы	26.05.1973	«Антоновка ауылдық округі әкімінің аппараты», ММ, аудармашы	Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Комаровка с
Серғазин Дәулет Тоқтамысұлы	26.08.1986ж.	«Айыртау ауданының ауылшаруашылығы бөлімі» ММ, бас маман - агроном	Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл с

2016 жылғы 30 мамырда

Т.А.Ж.	Туған күні	Жұмыс орны, лауазымы	Мекенжайы
Бралин Нұрлан Жылқыбайұлы	01.07.1985	«Айыртау ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ, бас маман	Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл с.
Ғабдуллин Әлімғазы Жұмашұлы	28.05.1988	Айыртау ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметінің басшысы	Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл с.
Олещук Владимир Михайлович	30.04.1959	«Лобанов ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, компьютерлік техниканың операторы	Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Лобанов с.

Е. МЕРҒАСЫМОВ,
Айыртау аудандық сайлау комиссиясының төрағасы.

Ауылдық округтер әкімдіктеріне кандидаттардың сайлаушылармен кездесу кестесі

Ауылдық округтер әкімдіктеріне кандидаттар	Кездесу мерзімі, уақыты	Кездесу орны
Антоновка ауылдық округі әкімдігіне кандидаттар	2016 жылғы 14 маусым, сағ. 15-00 – 16-00	Саумалкөл селосы, «Орталықтандырылған кітапхана жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының оқу залы, Ақан Сері көшесі, № 31 үй
Лобаново ауылдық округі әкімдігіне кандидаттар	2016 жылғы 14 маусым, сағ. 16-00 – 17-00	Саумалкөл селосы, «Орталықтандырылған кітапхана жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының оқу залы, Ақан Сері көшесі, № 31 үй

Е. МЕРҒАСЫМОВ,
Айыртау аудандық сайлау комиссиясының төрағасы.

Қоғам және заң

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу түпнұсқа жазу бірдей органда жүргізіледі, мемлекеттік тіркеуден айырмашылығы болуы тиіс, бірақ ол заңды тұлға пайда немесе оның қолданысын тоқтатқан жоқ, құрылтай маңызы немесе басқа айырмашылықтар бар.

Қайта тіркеу міндеті - ақпаратты саласындағы мемлекеттік тіркеу, қазірдің өзінде тіркелген заңды тұлғаның құқықтық мәртебесіндегі өзгерістер енгізу және мүдделі тараптардың өтініші бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Заңды тұлғаны қайта тіркеу негіздері ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес, - жарғылық капиталдың мөлшерін азайту, атауын өзгерту, шаруашылық серіктестіктің қатысушыларының құрамындағы өзгерістер (бағалы қағаздар нарығының кесібі қатысушысы жүзеге асырылатын шаруашылық серіктестіктердің қатысушыларының тізілімін жүргізеді, шаруашылық серіктестіктердің қоспағанда, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар) .

Заңды тұлғаны қайта тіркеудің аталған негіздер бойынша құрылтай құжаттарына енгізілген өзгертулер жарамсыз деп есептеледі.

Қайта тіркеу кезінде тіркеуші органға мынадай құжаттарды

ұсынылады:

- Шешім, уәкілетті органның шешімінен үзінді, немесе заңды тұлғаның мөрі басылған құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, құрылтай құжаттарды нотариал-ды куәландырылған жағдайларда, заң актілерінде көзделген түзетулер енгізілді.

- Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін жинау бюджетке төленгенін растайтын құжат.

Қатысушылар құрамының өзгеруі, атауының өзгеруі немесе жарғылық капиталының азаюы негізінде заңды тұлғаны қайта тіркеуі қайта құрудың бірігу және бөлініп шығу жағдайларында болуы мүмкін.

Ирина АВКСЕНТЬЕВА,
Айыртау ауданы Әділет басқармасының басшысы.

Маусым айына Айыртау аудандық мәслихатының хатшысының және облыстық, аудандық депутаттардың азаматтарды қабылдау кестесі

(сағат 15.00-ден сағат 17.00-ге дейін)

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының депутаттары

Махметов Сәйіпбек Ғазизұлы, айдың екінші дүйсенбісі, аудандық мәслихат. Мантариди Василий Анатольевич, айдың үшінші дүйсенбісі, аудандық мәслихат.

Айыртау аудандық мәслихатының депутаттары

Жанахметов Берік Темешұлы, №2 сайлау округі, аудандық мәслихат, 6 маусым. Есенғалиев Сырымбет Қайрошұлы, №1 сайлау округі, аудандық мәслихат, 9 маусым. Тілеубаева Раушан Раимжанқызы, №8 сайлау округі, аудандық мәслихат, 13 маусым. Олжабаева Мәңдігүл Олжабайқызы, №3 сайлау округі, аудандық мәслихат, 15 маусым. Бөйтенев Айдарбек Ағзамұлы, №4 сайлау округі, аудандық мәслихат, 17 маусым. Бурковская Ирина Юлиановна, №14 сайлау округі, аудандық мәслихат, 21 маусым. Ақмолдин Еркін Қапезұлы, №5 сайлау округі, аудандық мәслихат, 24 маусым. Байғарин Алмас Манасұлы, №13 сайлау округі, аудандық мәслихат, 27 маусым. Жандосова Ботакөз Төребекқызы, №10 сайлау округі, аудандық мәслихат, 30 маусым. Саумалкөл с. Ш.Уәлиханов көшесі, 44 үй.

Анықтама телефоны 21-902. Алдын ала жазылу.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Ауданда мемлекеттік қызметкерлердің қызмет аясында жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында және ҚР «Жемқорлыққа қарсы күрес» туралы Заңының нәтижелі орындалуына байланысты Айыртау ауданы мәслихат аппаратында **21-9-02** сенім телефоны орнатылған.

Қоңырау шалыңыздар, сіздердің хабарландыруларыңыз бей жай қалмайды.

2016 жылдың маусым айында «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының Қоғамдық қабылдау бөлмесінде азаматтарды қабылдау кестесі

Р/с №	Күні	Қабылдау-шының Т.А.Ә.	Негізгі жұмыс орны бойынша лауазымы
1	01.06. 2016 ж.	Махметов Аманбек Ғазизұлы	Айыртау ауданы әкімінің орынбасары (келісім бойынша)
2	03.06. 2016 ж.	Тастеміров Ағзам Ахметжанұлы	Айыртау ауданының әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы (келісім бойынша)
3	08.06. 2016 ж.	Ахметжанов Болат Қадырұлы	«Нұр Отан» партиясы Айыртау АФ-ы төрағасының бірінші орынбасары
4	10.06. 2016 ж.	Бәйменов Болат Жаңбырбайұлы	Айыртау ауданының прокуроры (келісім бойынша)
5	15.06. 2016 ж.	Жанапин Едрес Жәзитулы	«Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-нің басшысы (келісім бойынша)
6	17.06. 2016 ж.	Пономарев Сергей Ефимович	№ 6 сайлау округі бойынша «Нұр Отан» партиясынан аудандық мәслихаттың де-путаты (келісім бойынша)
7	22.06. 2016 ж.	Ақмолдин Еркін Қапезұлы	№ 5 сайлау округі бойынша «Нұр Отан» партиясынан аудандық мәслихаттың де-путаты (келісім бойынша)
8	24.06. 2016 ж.	Жүсіпов Болат Нығмашұлы	«Айыртау ауданының ветеринария бөлімі» ММ-нің басшысы (келісім бойынша)
9	28.06. 2016 ж.	Құсайынов Бақыт Мәжитұлы	№ 7 сайлау округі бойынша «Нұр Отан» партиясынан аудандық мәслихаттың депутаты (келісім бойынша)

Ескерту: Азаматтарды қабылдау апта сайын сәрсенбі және жұма күндері 15.00-19.00 сағатта филиалдың кеңсесінде мына мекен-жайда жүргізіледі: Саумалкөл ауылы, Ш. Уәлиханов көшесі, 42-А (2 қабат).

Қабылдауға алдын ала жазылу мына телефондар арқылы: 22-722, 79-062.

2016 жылдың маусым айында «Нұр Отан» партиясы Айыртау аумақтық филиалының сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Қоғамдық Кеңесінің мүшелерімен азаматтарды қабылдау кестесі

Р/с №	Күні	Қабылдаушы-ның Т.А.Ә	Негізгі жұмыс орны бойынша лауазы-мы
1	01. 06. 2016 ж.	Молдахметов Саят Ғазизұлы	Аудандық орталық аурухананың бас дәрігері, «Нұр Отан» партиясы Айыртау АФ-ның сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Қоғамдық Кеңесі төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
2	08.06. 2016 ж.	Ахметжанов Болат Қадырұлы	«Нұр Отан» партиясы АФ-ның сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Қоғамдық Кеңесінің мүшесі, «Нұр Отан» партиясының АФ төрағасының бірінші орынбасары
3	15.06. 2016 ж.	Тұралинов Мырзабай Шәріпұлы	№1 Саумалкөл ОМ-нің директоры, партиялық бақылау комиссиясының төрағасы, «Нұр Отан» партиясы Айыртау АФ Саяси кеңесінің Бюро мүшесі (келісім бойынша)
4	22.06. 2016 ж.	Бөйтенев Айдарбек Ағзамұлы	Батыс АЭЖ «Көкшетау-Энерго» филиалының директоры, №4 сайлау округі бойынша «Нұр Отан» партиясынан аудандық мәслихаттың депутаты (келісім бойынша)

Ескерту: Азаматтарды қабылдау апта сайын сәрсенбі күндері 15.00-19.00 сағатта филиалдың кеңсесінде мына мекен-жайда жүргізіледі: Саумалкөл селосы, Ш. Уәлиханов көшесі, 42-А (2 қабат).

Қабылдауға алдын ала жазылу мына телефондар арқылы: 22-722, 79-062.

2015 жылға арналған аудан бюджетінің атқарылуы туралы есеп

Солтүстік-Қазақстан облысы, Айыртау ауданы.

Кезеңділігі - айлық. Өлшем бірлігі: мың теңге

Бюджет тік бағдар ламаның кодтары	Атауы	Есепті қаржы жылына түзетілген бюджет	Бюджет түсімдерінің атқарылуы және төленген міндетте-мелер	Атқа-рылуы, %
1	I. Кірістер Салық түсімдері	3584 896,2 647 339,5	3 603 793,0 652 651,4	100,5 100,8
2	Салықтан тыс түсімдер	647 339,5	652 651,4	100,8
3	Салықтық емес түсімдер	4 850,0 4 850,0	15 186,7 15 186,7	313,1 313,1
4	Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер	14 028,0	17 276,2	123,2
5	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	14 028,0	17 276,2	123,2
6	Трансферттердің түсімдері	2918 678,7	2 918 678,7	100,0
7	Трансферттердің түсімдері	2918 678,7	2 918 678,7	100,0
8	II. ШЫҒЫНДАР	3571 238,7	3 565 003,5	99,8
01	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	291 542,6	291 451,2	99,0
02	Қорғаныс	7 396,5	7 028,3	95,0
04	Білім беру	2608 887,5	2 608 580,5	100,0
06	Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	171 366,7	171 344,3	100,0
07	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	160 404,7	159 057,7	99,2
08	Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	109 769,0	109 753,7	100,0
10	Ауыл су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	132 476,7	132 471,8	100,0
11	Энергетика, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	13 027,7	13 026,9	100,0
12	Көлік және коммуникация	26 681,0	22 603,0	84,7
13	Басқалар	46 120,1	46 119,9	100,0
14	Борышқа қызмет көрсету	1 747,1	1 747,0	100,0
15	Трансферттер	1 819,1	1 819,0	100,0
10	III. ТАЗА БЮДЖЕТТІК КРЕДИТ БЕРУ	59 313,6	57 617,9	97,1
10	БЮДЖЕТТІК КРЕДИТТЕР	77 298,0	77 298,0	100,0
10	Ауыл су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	77 298,0	77 298,0	100,0
5	БЮДЖЕТТІК КРЕДИТТЕРДІ ӨТЕУ	17 984,4	19 680,1	109,4
5	Бюджеттік кредиттерді өтеу	17 984,4	19 680,1	109,4
IV. Қаржылық активтермен болатын операциялар бойынша сағды		5 400,0	5 400,0	
13	ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕРДІ САТЫП АЛУ	5 400,0	5 400,0	100,0
13	Басқалар	5 400,0	5 400,0	100,0
13	IV. БЮДЖЕТТІН ТАПСЫЛЫҒЫ (ПРОФИЦИТ)	-51 056,1	-24 228,4	
VI. Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)		51 056,1	24 228,4	
7	ҚАРЫЗДАРДЫҢ ТҮСІМІ	77 298,0	77 298,0	100,0
7	Қарыздар түсімі	77 298,0	77 298,0	100,0
16	ҚАРЫЗДАРДЫ ӨТЕУ	31 639,9	31 639,9	100,0
16	Қарыздарды өтеу	31 639,9	31 639,9	100,0
	Бюджет қаражаттарының қолданылатын қалдықтары	5 398,0	-21 429,8	
	Анықтамалық Бюджет қаражаттарының қалдықтары			
	Қаржы жылының басындағы бюджет қаражаттарының қалдықтары		5 398,0	
	Есепті кезең соңындағы бюджет қаражаттарының қалдықтары		26 827,8	

Айыртау аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 12 мамырдағы № 6-3-1 шешімін бекітілді

Аудандық әкімдікте

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ – БАЙЫПТЫ НАЗАР АУДАРУ

31 мамыр күні аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміровтің төрағалығымен әкімдіктің кезекті отырысы болып өтті. 2015-2016 жылдардағы жылыту маусымының қорытындысы, әлеуметтік салалардың энергетикалық нысандары мен тұрғын үйлердің алдағы 2016-2017 жылдарға жылыту маусымына әзірлігі туралы аудан әкімінің орынбасары Құрал Досымбеков есеп берді. Құрал Досымбайұлы орталық жылыту қазандығы мен ТЖС қыстағының жылу қазандығының алдағы жөндеу жұмыстары туралы жо-спарларды ортаға салды. Қоқыстарды тазалау, жы-лыту құрылғыларын тексеру және басқа да дайындық шаралары жүргізілуде. Ағзам Ахметжанұлы жылы-трассаны тексеруді жүргізудің, апта сайынғы жылу қазандығына қатысты жөндеу жұмыстарын саралап отыру керектігін нұсқады. Тамыз айында әлеуметтік, мәдени, тұрмыстық нысандардың барлығы 2016-

2017 жылдарға жылу маусымына дайын болуы ке-рек. Ауданның жергілікті атқарушы билігінің жемқорлық құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі шаралары, ауданның жемқорлықпен күрес мәселелері жөніндегі комиссияның жұмысы туралы аудан әкімінің құқықтық мәселелері жөніндегі кеңесшісінің міндетін атқарушы Ақан Сексенбаев ақпараттандырды. Ауданның бірінші басшысы отырысқа қатысушылардың на-зарын жемқорлық фактісінің орын алуына жол бермейтін заңнамалық нормаларды қадағалауға шақырды. Ауылдық округ әкімдері Алексей Городецкий (Казанка а/о) және Есімжан Таласов (Гусаковка с/о) Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауының жүзеге асырылуы өз аумақтарында қалай жүргізіліп жатқанын мәлімдеді.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ОРЫН АЛМАС ҮШІН

Осы күні аудан әкімі Ағзам Тастеміровтің төрағалығымен төтенше жағдайларды ескерту мен алдын алу жөніндегі аудандық комиссияның да отырысы болып өтті. Отырыс барысында мемлекеттік өрт сөндіру қызметі жоқ елді мекендерде өрт сөндіру қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мәселелер мен ауданның жергілікті атқарушы органдарының ор-ман және дала өрттеріне дайындығы және ауданның өртке қарсы су қорының жағдайын талқылайтын мәселелер қаралды. Шомылу маусымының келуіне орай су тоғандарында шомылатын азаматтардың қауіпсіздігіне баса мән берілді. Барлық жауапты қызметтердің демалыстағы азаматтар мен аудан қонақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауапкершілігі артты. Отырыстың соңында аудан әкімі үстіміздегі жылы орын алған су тасқыны кезінде қауіптілік салдары-мен күрескендерге алғысын білдірді. Осы жолдағы атқарушы билік өкілдерінің, ауылдық әкімдіктердің, шаруашылық нысандарының басшыларынананың ты-

нымсыз еңбегін атап өтті. Көктемгі су тасқыны кезінде зардап шеккен азаматтарға көмек көрсеткендерге алғысын білдірді. Шынайы көмек көрсеткені және төтенше жағдайдың салдарын жоюға белсене араласқандары үшін ауданның бірқатар азаматта-ры Солтүстік Қазақстан облысының Алғыс хатына ие болса, аудандық ішкі істер бөлімінің учаскелік инспекторлары Шоқан Асқаров және Қанат Төлөндиев, шаруашылық құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның директоры міндетін атқарушы Асылбек Есімов, аудандық әкімдіктің бас маманы Жұмабек Қапарғазин, Алмас Қоспанов «Жастар ба-стамалары орталығы», Қайсар Махметов (Қамсақты а/о), полицияның аға инспекторы Нұрлан Мұқатов, Володар а/о әкімі Ерлан Сәдуақасов, Есмағзам Сейітжан (ТЖ бөлімі), Имантау ауылдық округінің әкімі Любовь Сердюк, Арықбалық ауылдық округінің әкімі Қалымтай Шараповтар аудан басшысының Алғыс хаттарымен және бағалы сыйлықтарымен ма-раптталды.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.

Облыста

КӘСІПКЕРЛЕР ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ

Ағымдағы жылдың 27 мамырында Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің департаменті басшысының орынбасары Жанат Жұмабаев Солтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі кеңестің XVII отырысына қатысты. Күн тәртібінде сот үкімімен заңды күшіне енген «Диқаншы» ЖШС басшылығына айып тағу жөніндегі «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» филиалына СҚО Прокуратурасының ұсыныс енгізуі фактісі бойынша «Диқаншы» ЖШС, сонымен қатар қолданыстағы заңнаманың норма-ларына ҚР Қаржы министрінің бұйрығы нормаларының сәйкес келмеуі бөлігінде «Алтын Тау - НЧ» ЖШС арыздары қаралды. Осы отырысқа бизнес-қауымдастықтардың, қоғамдық бірлестіктердің, қаржылық бақылау инспекциясының, тексеру комиссиясының,

Мемлекеттік кірістер департаментінің, Прокуратураның және СҚО Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің өкілдері қатысты. Кеңес отырысының аяқталуы бойынша ұсынымдар әзірленіп, айтылған мәселелерді шешу жол-дары ұсынылды. Мемлекеттік қызмет істері министрлігі СҚО бойынша департаменті.

Зейнетақы жүйесі

ЗЕЙНЕТАҚЫ 5%-ҒА КӨБЕЙЕДІ

